

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Вальтер Беньямин: Тарих
философиясы бойынша тезистер
(1940)



Мақсаты: Вальтер Беньяминнің «Тарих философиясы бойынша тезистер» еңбегін қарастыру.

Тірек сөздер: тарих, фашизм, еңбек, табиғат, өткен тарих, тарихи материализм.

Вальтер Беньямин XX ғасырдағы марксистік ойшылдардың ішінде бірегейі деп жазады Д. Ривкин мен М. Райан. Ойшыл әрі көреген ғалым өнер мен бұқаралық мәдениеттің қиылысуы туралы мәселеде адам баласының табиғатындағы фашизммен күрескен кейінгі зерттеушілерге жол сілтеп, өнер мен әдебиеттің тәжірибесі мен тұжырымдамасының өзгеру технологиясын ашып көрсеткен эссе жазды. Өзінің атақты «Механикалық қайта жандану дәуіріндегі өнер туындылары» атты еңбегінде ол өнерді оп-оңай жандандыра алатын жаңашыл бұқаралық ақпарат құралдары оның мәдени құндылығын өзгертіп, мәдени мәртебесі мен иерархиялық құндылық белгісі болу қасиетінен айырғанын жазады.

Бенджаминнің ойынша, кейбір неврологиялық қорытындыларды асыра сілтеп көрсеткен киноның жаңа саласы біздің ойлау және көру тәсілімізді айтарлықтай өзгертіп тастады. Бүгін қаралғалы отырған эссе тарихтың тұжырымдамасына арналған, мұнда тарих уақыт бойымен қалай қозғалатыны сөз етіледі. 1920–1930 жылдары парламенттік солшылдар (негізінен, социал-демократтар) оңшылдармен (ұлтшылдар) қақтығысқа түседі. Марксистер (спартакистер) 1919 жылы репрессияланып, революциялық-консервативті қозғалыстың жандануына жол ашты. Бұл қозғалыс – ұлтшылдар еді.

Социал-демократтар ұлтшылдар тарапынан төнетін қауіпті толыққанды сезінген жоқ. Олар тарихты алға қарай қарқынды жылжу деп түсінді. Сондықтан жұмысшылар тобы капиталистерден пана таба алды. Себебі жұмысшылардың өмірі еңбек шарты мен жалақы мөлшерін көтеру есебінен ғана жақсарады. Марксистер (Бенджамин тарихи материалистер деп атаған) тарих прогрессивті емес деп есептеді. Тарихтың үзіліссіздігі кейбір жағдаяттардың салдарынан бұзылады. Біздің жағдайда, олар – ұлтшылдар. Жұмысшы табы тарихты қазіргі жай-күй деп білуі керек. Солай ғана олар капитализмнің құрсауынан босай алады.

Вальтер Беньяминнің тезисін қарастырып көрелік. Оның 18 тезисінде тарихты зерттеудің концептуалды тәсілі қарастырылған.

I

Тарих шахматтан жеңіске жетіп, қарсыласын күтпеген соққымен таңғалдыратындай автомат туралы сөз етеді. Түріктің ұлттық киімін киіп, аузына кальян салған қуыршақ үстел үстіндегі шахмат тақтасының алдына отырғызылған. Айналар жүйесі осы үстелді жан-жағынан да анық көрінетіндей иллюзия құрайды. Шынтуайтына келгенде, тәжірибелі шахматшы болған кішкентай ғана бүкір кісі шахмат тақтасының астында отырып, қуыршақты жіптің көмегімен қозғалтып отырған. Осы құрылғының философиялық ұқсасы болады. Қуыршақ – тарихи материализмнің бейнесі ретінде үнемі жеңіске жетіп отыруы керек. Бұл дін ілімінің ерекшеліктерін басшылыққа алған кез келген адамға оңай болады.

II

«Адамзат болмысының ерекше сипатының бірі, – деп жазады Лотце, – белгілі бір жағдаяттарда бойындағы шағын ғана эгоизмімен бірге, болашаққа тәуелділіктен азат болуы». Біздің бақыт туралы түсінігіміз уақытпен безендірілген. Уақыт – біздің қазіргі жай-күйіміздің сипаты. Біздің бақыт туралы түсінігіміз құтқару немесе босату түсінігімен байланысты. Дәл осы сияқты біздің өткен туралы түсінігіміз де уақытқа байланысты. Өткен шақтың да уақыт көрсеткіші болады. Өткен мен қазіргі заман ұрпақтары арасында бейне бір құпия келісім бар деуге болады. Біздің жер бетіне келуіміз алдын ала болжамданған. Біздің алдымызда өткен ұрпақтар секілді біздің мессиандық күшіміз әлсіз болған. Бұл күш оның алдында өткен мессиандық күшке қарағанда, әрине, қуаттырақ келеді.



III

Оқиғаны суреттеп отырған жылнамашы негізгі мен қосымша арасындағы айырмашылықты ажыратпастан, мына ақиқатқа сай әрекет етеді: болуы керектінің ешқайсысы тарих үшін ізсіз қалмауы керек. Сөзсіз, құтқарылған адамзат үшін өткен заман әрбір сәтімен таныс. Басынан өткен әрбір сәтте «міне, осы күн – Ақырзаман» деп айтатын.

IV

Маркстік тұжырым ықпалындағы тарихшы сезініп отыратын таптық күрес дегеніміз – ешқандай рухани заттар өмір сүре алмайтын қатаң материалды заттар үшін күрес. Соған қарамастан, бұл рухани құндылықтар таптық күресте жеңімпаздың үлесіне түскен олжа түрінде көрініс береді. Олар батылдық, юмор, айлакерлік және табандылық үшін күресте көрінеді. Олардың кері күші де болады. Бұл күш әрбір нәрсені, өткен мен болашақты, билеушілердің билігін күмәнға түсіріп отырады. Гүлдер күнге талпынғаны сияқты, өткен тарих та күнге ұмтылады. Тарихи материалист осындай өзгерістерді саналы түрде көре білуі тиіс.

V

Өткен тарихтың шынайы бейнесі жанама түрде өтеді. Өткен тарих бір сәт секілді жарқ етеді, сол кезде оны танып үлгеру керек, содан кейін бұл сәтті көру мүмкін болмайды. «Ақиқат бізден қашып құтыла алмайды»: Готфрид Келлердің бұл сөздері тарихи материализм историзмді кескілеген тұста орынды қолданылған. Өткен тарихтың әрбір бейнесі осы шақпен байланыспаса, мәңгілікке жойылып кетуі мүмкін. (Өткен тарихтың тарихшысы дүрсілдеп соққан жүрегімен жеткізгісі келген жақсы хабар тілден шығарған сәтте-ақ бостыққа (кеңістікке) таралып, жойылып кету қаупі бар).

VI

Өткенді көзге елестету дегеніміз – оны қандай болса, дәл солай көру деген сөз емес (Ранке). Бұл дегеніміз – жадыда өткенді қауіп төнген сәтте қалай жарқ етсе, дәл сол күйінде сақтау. Тарихи материализм өткеннің бейнесін қауіп төнген сәтте сақтап қалуға тырысады. Қауіп дәстүрге ғана емес, оны тасушыларға да төне алады. Осы екеуін билік құрушы таптың құралына айналдыру қаупі де бар. Әрбір тарихи кезеңде дәстүрді бейімделгіштен ажыратып алу керек. Иса – құтқарушы ретінде ғана емес, Дәжжалды жеңуші ретінде өмірге келеді. Тек тарихшы ғана, егер ол жеңбесе, өлілердің өздері жаудың қыспағынан аман құтыла алмайды деген қорқынышты ұялата алады.

VII

Белгілі бір дәуірді сипаттағысы келген тарихшылар үшін, Фустель де Куланж тарихтың ары қарай тәсілдері туралы білімін қолданбаған дұрыс деп есептейді. Тарихи материализм жеңіске жеткен тәсілді сипаттаудың басқа жолы жоқ. Бұл – жаны ашу, апатия процесі. Ортағасырлық дінтанушылар апатияны – қайғының алғашқы себебі деп есептеген... Қайғының табиғаты, тарихшылардың кімге жаны ашығанын анықтасақ, түсінікті бола түспек. Жауап – айқын: әрине, жеңімпазға. Билеушілердің барлығы – оларды жеңгендердің мирасқорлары. Демек, жеңімпазға жаны ашу билеушілерге пайда әкеледі. Тарихи материалистер оның не екенін жақсы біледі. Жеңіске жеткен адам әлі күнге салтанатты шеруде. Дәстүрлі тәжірибеге сүйенсек, жеңісте қолға түскен олжа осы шеруде бүкіл жұртшылық алдында көрсетіледі. Оларды мәдени



құндылықтар деп атайды. Тарихи материалистер бұл құндылықтарға абайлап қарайды. Барлық мәдени құндылықтардың түпкі тарихы бар. Тарихшы оларды асқан қорқынышпен сөз етеді. Мәдени құндылықтарға тек ұлы ойшылдар мен дарындар ғана емес, оларды суреттеген тарихшылардың еңбектері де жан берген. Өркениетті әрі жабайылық құжаты болмаған бірде-бір құжат жоқ. Сондықтан тарихи материалистер мүмкіндігіне қарай жабайылықтан қашуға талпынады. Олар өзінің басты міндеті – тарихты түкке қарай сипалау деп есептейді.

VIII

Езілген халықтардың дәстүрі бізді өзіміз өмір сүріп жатқан «ерекше жағдайға» бейімделуге үйретеді. Біз тарихты осылай тани білуіміз керек. Сол кезде біз өзіміздің басты міндетіміз – ерекше жағдайға қол жеткізіп, фашизммен күресімізде өз көзқарасымызды жақсарту аламыз. Фашизмді қарсыластары тарихи норма деп қабылдауының бір себебі бар. Біздің басымыздан өткен құбылыстар XX ғасырда да орын алуы мүмкін деген түсінік философиялық емес. Біз оған таңғалуымыз мүмкін. Біздің таңғалуымыз – танымның басы емес, оны тудырған көзқарас – тарихты тану туралы білімнің бастауы.

IX

Пауль Клейдің «Жаңа періште» (слайд) деп аталатын суретінде бірдеңеден қашып, ұшып кеткелі тұрған періште суреттелген. Оның көздері бақырайып, аузы ашылып, қанаттарын қағып тұр. Тарихтың перішtesін дәл осылай суреттеуге болады. Оның жүзі өткенге қарап қалған. Біз тарихи оқиғалар тізбегі деп қарағанды ол апат деп қарап тұр. Періште өлілерді тірілтіп, бұзылғанды қалпына келтіргісі келеді. Бірақ жәннаттан тұрған күшті дауыл періштеге қанаттарын қағуға мүмкіндік бермей жатыр. Бұл дауылға періште арқасын беріп, қорғанып тұр. Дауыл оны артынан алға, болашаққа қарай итеріп барады. Ал тарихтың үйінділері болса, оның алдынан тау болып жиналуда. Міне, осы дауыл – даму болып саналады.

X

Монахтардың жарғысында медитация үшін берілген тақырыптар оларды өмірден және оның қарбаласынан алыстатады. Фашизм қарсыластары үміт артқан саясат өзгеріске түскен. Біздің тұжырымымыз саясаткерлердің прогреске деген сенімі, «көпшіліктің қолдауына» деген үміті және басқаруға келмейтін аппаратқа құл сияқты енуі – бір фактінің үш аспектісі болып табылады. Осы саясаткерлер ұстанып жүрген тарихты түсіну оңайға соқпайтынын айта кету керек.

XI

Бейімделгіш – социал-демократияның ажырамас бөлігі бола отырып, саяси тактикамен және оның экономикалық көзқарастарымен тығыз байланысты. Оның ең соңғы болып құлдырауының себебі осында. Неміс жұмысшы табы өздерін ағыммен біркелкі жүріп келе жатырмыз деп алданып келген. Ол техникалық үдерісті ағынның ағымы деп қарастырады. Фабрикалық еңбек техникалық прогреске ұмтылады деген иллюзияға апаратын алғашқы қадам. Ескі протестанттық этика неміс жұмысшылары арасында бейбіт формада жүзеге асқан. Гот бағдарламасында осы былықтың іздері көрінеді. Сөйтіп еңбек – «мәдениет пен берекеттің бастауы» болып табылады. Бір былықтың бар екенін сезінген Маркс бұған былай деп жауап береді: «...өзінің жұмыс күшінен басқа ешқандай жекеменшігі жоқ адам басқа адамдарға құл болуы керек. Міне, осы басқа адамдар өздерін оның иесі деп жариялаған...». Соған қарамастан, былық кең таралып кетті. Иосиф Дицген бұл туралы кейіннен былай деді: «Тарихты құтқарушы – жұмыс. Еңбектің жағдайларын жақсарту – байлық болып табылады.



Қазіргі таңда ол өзіне дейін ешбір құтқарушы бере алмағанды беруге қабілетті». Еңбектің табиғаты туралы бұл дәрекі-марксистік тұжырымдама жұмысшыларға өз еңбегінің жемісі қандай пайда әкеледі деген мәселенің түйінін шешпей, жанап өтеді. Бұл тұжырымдамаға сүйенсек, прогресс қоғамға емес, табиғатқа билік етуден көрінеді; ол фашизм бетпе-бет келетін технократиялық белгілерге ие. Олардың қатарында – табиғаттың тұжырымы бар. Табиғаттың тұжырымы туралы пікір социалистік утопияда 1848 жылға дейін жалғасып келді. Еңбектің жаңаша тұжырымдамасы табиғатты пайдалану дегенді білдіреді. Еңбектің осы бір позитивті тұжырымдамасымен салыстырғанда, Фурьенің қиялы – әлдеқайда саналы болып көрінеді. Фурьенің ойынша, ұжымдық еңбектің нәтижесінде төрт Ай жердегі түнге жарық беріп, мұз полюстерден еріп ағып, теңіз суы ендігі кезде тұзды болмайды, ал жыртқыш аңдар адамның бұйрықтарын орындайтын болады. Дицген айтқандай, табиғат – тегін берілген байлық, еңбекті түсінуге қосымша құндылық болып саналады.

XII

Адам да, адамдар да емес, езілген таптар – тарихи білімді тасушы болып табылады. Маркс – құлдыққа түскен таптың ең соңғы өкілі, кек алушы ретінде босату міндетін аяқтайды. Социал-демократтар үш жыл бойы Луи-Огюст Бланкидің есімін тарих беттерінен сызып тастаған. Социал-демократия – болашақ ұрпақты құтқарушы рөлін жұмысшы тапқа беріп, олардың құдырет күшін айтарлықтай әлсіретіп тастаған. Бұл жұмысшы табының өзінің жеккөрушілігін ұмытып, құрбандық күшін әлсіретіп тастады. Себебі олар өздерін бостандыққа шыққан немерелер емес, құлдыққа түскен ата-бабаларының ұрпағы деп елестетеді.

XIII

Социал-демократиялық теория әрі практика прогресс тұжырымдамасынан қалыптасып, ақиқатты басшылыққа алмай, тек догматикалық талаптар ұсынып отырды. Социал-демократтардың қиялындағы прогресс бүкіл адамзаттың прогресіне айналды. Екіншіден, ол адамзаттың шексіз жетілуіне сай шексіздік болатын. Үшіншіден, прогресс бір түзу бойымен немесе тізбек бойымен өрбитін ерекше құбылыс ретінде қарастырылды. Адамзаттың тарихи прогресі тұжырымдамасы оның бос уақыт арқылы дамуы тұжырымдамасынан бөлек қарастырыла алмайды. Прогрестің мұндай тұжырымдамасын сынау – осы прогресті жалпы сынауға негіз болады.

XIV

Тарих – құрылымның пәні, ол біртекті, бос уақыт ішінде емес, осы сәттегі уақыт ішінде өмір сүреді. Айталық, Робеспьер үшін Көне Рим – өткеннің тарихы болғанмен, осы шақпен байланысты. Француз революциясы өзін Римнің реинкарнациясы деп түсінді. Ол Көне Римді, сән өткен дәуірдің киімдерін қалай жандандырса, дәл солайша қайта жандандырды. Әрине, сән – өзектірек, құдды бір өткенге секірген жолбарыс секілді өткеннің үйінділерін қопарып жатыр. Бұл секіріс билеп тұрған тап не топ бұйрық беріп отыратын сахна үстінде жүзеге асып жатыр. Дәл сол сияқты өткен тарихқа секіріс жасау – диалектикалық сипатта, Маркс оны революция деп түсінген.

XV

Тарихтың континуумы жарылуға сәл-ақ қалды деген түсінік революциялық тапқа тән. Ұлы революция жаңа күнтізбені қолданысқа ендірді. Күнтізбенің алғашқы күні тарихи уақыттың



белгілі бір мезеттеріндегі камера сияқты. Былайша айтқанда, алғашқы күн – мереке деп танылған естелік күні.

Сөйтіп, күнтізбелер уақытты өлшемейді; олар тарихи сананың ескерткіші. Соңғы жүзжылдықта Еуропада оның ізі де байқалмаған-ды. Шілде революциясы кезінде бір жағдай орын алып, сананың әлі де болса тірі екенін дәлелдеді. Күрестің алғашқы кезеңінде-ақ, Парижде бас көтерген ереуілшілер мұнарадағы сағаттарды атып жатқаны анықталды. Осы жағдайды көзімен көрген біреу былай жазады: «Бұған сенуге бола ма? Уақытқа есесі кеткендей, жаңа Исалар мұнарадағы сағаттың циферблаттарына оқ атып, құдды бір осы күнді тоқтатып, кідірткісі келгендей!».

XVI

Тарихи материалист бүгінгі күнді қабылдамай, алға жылжи алмайды. Себебі қазіргі немесе бүгінгі уақытта ол сол тарихты жазып отыр. Историзм өткеннің мәңгі бейнесін сипаттаса, тарихи материализм – өткенді басынан кешіру тәжірибесі болып табылады. Тарихи материализм тарихтың континуумын бұзып тастайды.

XVII

Историзм дүниежүзі тарихында өзіндік биік орынды иемденген. Материалистік историография одан тәсілдері арқылы ерекшеленеді. Дүниежүзі тарихының теориялық қаруы жоқ. Оның тәсілі – бейімделуге бағытталған: ол мәліметтер қорын жинап, біртекті, бос уақытты толтыруды мақсат етеді. Материалистік историография керісінше, құрылымдық ұстанымға негізделген. Ойлау дегеніміз – ойлардың ағыны, бірақ, орналасуы емес. Тарихи материалист монадаға тап болғанда, тарихи тақырыпты қарастыра алады. Мұндай тәсіл тарихи дамуды қайта орналастыру сәтін, былайша айтқанда, құлдық кезеңдегі күресте революциялық мүмкіндікті табуға септігін тигізеді. Тарихи материалист оны назарға алып, тарихтың ағымында осындай сәттерді анықтауға мүмкіндік береді.

XVIII

«Тарих жер бетіндегі органикалық тіршілікке қатысы жағынан, – деп жазады қазіргі заман биологі, – 24 сағаттың соңындағы 2 секунд секілді, homo sapiens-тің болмашы ғана елу мыңжылдығы сияқты». Бұл тұрғыдан, өркениетті адамзат тарихы – сағаттың соңғы бірнеше секундының бес бөлігін құрайды деген сөз. Қазіргі, бүгінгі күн – адамзаттың тарихына кіреді.

Өзінің тезистерін аяқтай отырып, Вальтер Беньямин екі сілтеме келтіреді:

A

Историзм дегеніміз – тарихтың әртүрлі сәттерінің арасындағы себеп-салдарлық байланыстар. Бұл байланыстар – тарихи құбылыс болып саналады. Ол тарихи тұрғыдан мәңгі, өлмейтінге айналды. Тарихшы оқиғаларды белгілі бір ретпен сипаттап айтуды тоқтатады. Оның орнына ол өзінің өмір сүріп жатқан дәуірінің өткенмен байланысын анықтайды. Осылайша ол «қазіргі уақыт» ұғымын айқындайды.

Б

Уақытты болжаушылар, көріпкелдер оны біртекті немесе бос уақыт деп қарамайды. Біз еврейлерге болашақты зерттеуге тыйым салынғанын білеміз. Алайда Тәурат пен ондағы дұғалар еврейлердің естеліктері болып табылады. Бұл болашақты магиядан арылтты. Бірақ



Кітап: Әдебиет теориясы: Антология III

Дәріс: Вальтер Беньямин: Тарих философиясы бойынша тезистер (1940)

еврейлер үшін болашақ біртекті, бос уақытқа айналды деген ой туындамау керек. Себебі әрбір уақыт сәті – Иса кіре алатын дарбазалар, есіктер болып табылады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Историзм өкілдері мен тарихи материализм өкілдерінің тарихты зерттеу тәсілдерінің арасындағы айырмашылық неде?
2. Вальтер Беньяминнің «қазіргі уақыт» (Jetztzeit) және «біртекті, бос уақыт» туралы түсінігі қандай?

Әдебиеттер:

Benjamin Walter. Theses on History. – Schocken Books, 1955. – P. 253-264.